

Павлодар облысы мәслихатының құрмет грамотасы туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Мәслихатының 2004 жылғы 10 ақпандағы N 14/3 шешімі. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 25 ақпанда N 2315 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2010 жылғы 26 қазандағы N 313/27 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2010.10.26 N 313/27 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы, 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы мәслихатының Құрмет грамотасы бекітілсін.
2. Қосымшаға сәйкес Павлодар облысы мәслихатының құрмет грамотасының үлгісі мен оны беру тәртібі бекітілсін.

Сессия төрағасы

В.Руди

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р.Гафуров

Павлодар облыстық мәслихатының
2004 жылғы 10 ақпандағы
"Павлодар облысы Мәслихатының
Құрмет грамотасы туралы" N 14/3 шешіміне
қосымша

Павлодар облысы мәслихатының Құрмет грамотасының нысаны мен оны беру тәртібі

1. Павлодар облысының мәслихаты Қазақстан Республикасы мен шетел азаматтарының Павлодар облысының әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуына, достастық пен қоғамдық келісімнің нығаюына үлес қосқан еңбектерін қоғамдық бағалау үшін Павлодар облысы мәслихатының құрмет грамотасы ұсынылады.

2. Толық аталуы:

қазақ тілінде: Павлодар облысы мәслихатының құрмет грамотасы.

орыс тілінде: Почетная грамота маслихата Павлодарской области.

Құрмет грамотасы өң бетінде Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде "құрмет грамотасы" мен орыс тілінде "Почетная грамота" деген жазуы бар қосымша беті бар көгілдір түсті папкадан құрылған.

Қосымша бет жайылған түрде қалың жылтыр қағаздан баспаханалық тәсілмен жасалған. қосымша беттің оң жағында жоғарыда Қазақстан Республикасының туы бейнеленген және сол жақта мемлекеттік тілде "Құрмет грамотасы" мен төменде орыс тілінде "Почетная грамота" деп жазылған.

Қосымша беттің сол жағында марапатталатын адамның мемлекеттік тілде тегін, атын, әкесінің атын және еңбектерін көрсету үшін орын бөлінген.

Қосымша беттің оң жағында марапатталатын адамның орыс тілінде тегін, атын, әкесінің атын және еңбектерін көрсету үшін орын бөлінген.

3. Павлодар облысы мәслихатының құрмет грамотасымен марапаттау туралы шешім мәслихаттың сессиясы шешімімен немесе мәслихат хатшысының өкімімен қабылданады.

4. Құрмет грамотасымен мыналар марапатталады:

1) Азаматтар және заңды тұлғалар Павлодар облысының экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, мәдениетін, білімін дамытуға, достастық пен қоғамдық келісім нығайтуға қосқан үлестері мен ерекше еңбектері, белсенді мемлекеттік және қоғамдық қызметтері үшін;

2) шетел мемлекеттердің азаматтары мен заңды тұлғалары бейбітшілікті нығайту жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық қызметі, Павлодар облысы мен шетел елдері арасындағы достастық пен ынтымақтастықты дамытуға қолғабыс тигізулері үшін.

5. Павлодар облысы мәслихатының құрмет грамотасы салтанатты түрде Павлодар облысы мәслихатының хатшысымен немесе сессия төрағасымен тапсырылады.

6. Павлодар облысы мәслихатының құрмет грамотасымен марапаттауға кандидатуралар бойынша ұсынымдар еңбек ұжымдармен немесе тұрақты депутаттық комиссиялармен ұсынылады.

7. Павлодар облысы мәслихатының құрмет грамотасымен марапаттау үшін мынадай құжаттар ұсынылуға тиіс:

1) еңбек ұжымының өтініші;

2) мәслихаттың тұрақты комиссиясының қаулысы;

3) марапаттау қағазы (заңды тұлға үшін - ұсыным).

8. Павлодар облысы мәслихатының құрмет грамотасын беру туралы хаттама жасалады, сондай-ақ марапаттау қағазында оны тапсыру күні мен реттік саны туралы белгі жасалады.

9. Марапаттау қағазы, хаттама Павлодар облысының мәслихатында сақталады.

